

**Қостанай мемлекеттік педагогикалық институті**

**Факультет истории и искусств**

**Жалпы қоғамдық пәндер, құқық және экономика негіздері кафедрасы**

## **Лекция 2**

**Тақырып: Қоғамдық өндіріс негіздері**

- 1. Экономикалық ресурстар мен экономикалық факторлар**
- 2. Қоғамдық өндірістің құрылымы**
- 3. Өндіріс және ұдайы өндіріс**

**Пән: Экономика негіздері**

**Лектор: Тобылов К.Т.**

# 1. Экономикалық ресурстар мен экономикалық факторлар

Экономика екі іргелі экономикалық аксиомаға негізделеді: шексіз қажеттіліктер мен шектеулі ресурстар.

*Қажеттіліктер* - бұл адамдардың белгілі бір пайдалылығы бар игіліктерді иелену мен пайдалануға деген ынталылығы. Бір игіліктер шектеусіз мөлшерде болады (мысалы, ауа), ал екіншілері - шектеулі (мұнай, көмір, т.с.с). Соңғылары *экономикалық игіліктер* деп аталады.

Экономикалық игіліктерді өндіру үшін *ресурстар*, яғни қоғамның әлеуметтік мүмкіндіктері пайдаланылады.

*Ресурстар* - материалдық және рухани игіліктер мен қызметтерді жасау үдерісіне пайдаланылуы мүмкін түрлі өндіріс элементтерінің жиынтығы.

Ресурстардың бес түрін ажыратуға болады:

*табиғи ресурстар* - бұл адамның тіршілік етуінің табиғи жағдайларының барлық жиынтығының бір бөлігі, өндіріс үдерісінде пайдаланылатын қоршаған ортаның ең маңызды құрамдас бөліктері (топырақ, су ресурстары, қазбалар);

*еңбек ресурстары* - еңбекке жарамды жастағы халық, жұмыс күшіне ие адамдар;

*өндіріс құралдары* (машиналар, жабдықтар) және қоғам өндірістік үдеріс үшін бөлетін ақшалай қаражат түріндегі капитал;

**ақпараттық ресурстар** - автоматтандырылған өндірістің қызмет етуіне және оны компьютерлік техника көмегімен басқару үшін қажетті мәліметтер;

**кәсіпкерлік қабілет** - басқа ресурстардың барлығын игіліктер мен қызметтер жасау мақсатында үйлестіру және құрамдастыру бойынша әрекет түрінде көрінген адамдар капиталының айрықша түрі.

Ресурстардың *абсолюттік* және *салыстырмалы* шектеулілігі ажыратылып жүр.

*Абсолюттік шектеулілік* ретінде өндірістік ресурстардың қоғам мүшелерінің барлық қажеттіліктерін бір мезгілде қанағаттандыруға жетіспеушілігін айтады.

Өндіріс барысында ресурстар **өндіріс факторларына** айналады, олар келесі топтарға бөлінеді: **жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік**.

Өндірістік факторлар ретінде **жер** екі жағынан қаралады: жер беті ретінде; экономикалық мақсатта пайдалануға қажетті табиғи игілік ретінде.

Оның негізгі ерекшелігі оны **көбейтуге** және **тасымалдауға** болмайды. Олардың пайдалану мүмкіндіктері:

| Жерді пайдалану мүмкіндіктері  |  |  |
|--|--|--|
| Өңдеу  | Қазба түрінде  | Орналасқан орны  |
| <ul style="list-style-type: none"><li>- Ауыл шаруашылығы</li><li>- Орман шаруашылығы</li></ul> | <ul style="list-style-type: none"><li>- Жер асты байлықтарын пайдалану</li><li>- Энергетика өндірісі</li><li>- Балық аулауда</li></ul> | <ul style="list-style-type: none"><li>- Тұрғын үй құрылысы</li><li>- Жол байланыс жүйесі</li><li>- Демалыс орындары</li><li>- Кәсіпорындар</li></ul> |

1-сызба. Жер факторын пайдалану мүмкіндіктері

## ***Капитал:***

- Өндіріс факторы ретінде және қаржы ретінде пайдалануға болады;
- Өндіріс факторы ретінде капитал өндіріс құралдарын сипаттайды.

Мұнда ұзақ уақыт пайдаланылатын өндіріс құралдары (машина, құралдар) жер қысқа мерзімде пайдаланылатын өндіріс құралдары (шикізат, энергия қуаты, жол байланыс қызметі).

Нақты капитал пайда болу үшін өндіріс құралдарын сатып алуға қаржы қажет. Осы қаржы ақша капиталы болып табылады. Өндіріс құралдарын сатып алуға капиталдың жұмсалуды ***қаржыландыру***, ал ақша капиталын нақты капиталға айналдыру - ***инвестициялау*** деп аталады.

***Еңбекті*** де екі жақты түсіндіруге болады:

- адамның ойлау қабілетімен қимылдау қабілеті;
- өндіріс процесінде пайдалануға болатын қоғамдағы барлық еңбек ресурстары.

Еңбек қызмет ретінде қарағанда оны басым ойлау қабілетті қажеттілік немесе интеллектуалды және басым қимылдау қабілетін қажет ететін деп бөледі. Білім деңгейіне қарай:

- көп дайындықты қажет ететін еңбек;
- көп дайындықты қажет етпейтін еңбек;
- ешқандай дайындықты қажет етпейтін еңбекдеп бөлінеді.

өндіріс факторына кәсіпкерлік қабілетті де жатқызды.

***Кәсіпкерлік қабілет*** - бұл барлық өндірісі факторларын тиімді пайдалануға қабілеті бар адам ресурстарының ерекше түрі. Оған мынадай қасиеттер тән болуға тиіс.

1. Өндіріс факторларын дұрыс үйлестіру мен келістіру үшін оның білім деңгейі жоғары болуы керек.

2. Дұрыс шешімдер қабылдай білуі керек.

3. Жаңамалдыққа ұмтыла білуі керек.

4. Тәуекелшіл болуы тиіс.

## **2. Қоғамдық өндірістің құрылымы**

---

Қазіргі қоғамдық өндіріс құрылымын материалдық және материалдық емес өндіріс деп бөлуге болады. Адам қоғамының даму негізі материалдық өндіріс болып табылады. Материалдық өндіріс саласы өмір сүру, жұмыс істеу үшін қажетті игіліктерді өндіреді. Материалдық емес өндіріске ерекше материалдық емес (рухани құндылықтар) игіліктер өндіру, қызмет көрсету саласы жатады.

## Қоғамдық өндірістің құрылымы

### Материалдық өндіріс

1. материалдық игіліктерді өндіретін салалар мен кәсіпорындар (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс);
2. материалдық қызмет көрсететін салалар мен кәсіпорындар (көлік, сауда, коммуналдық шаруашылық, тұрмыстық қызмет көрсету);

### Материалдық емес өндіріс

1. материалдық емес игіліктерді жасайтын салалар мен кәсіпорындар (кино, театр, өнер);
2. материалдық емес қызметтерді көрсететін салалар мен кәсіпорындар (денсаулық сақтау, білім беру және т.б.);

2-сызба. Қоғамдық өндірістің құрылымы.

Өндіріс нәтижесі мен оған кеткен шығындардың арақатынасы оның даму тиімділігін көрсетеді. Өндіріс тиімділігі мен ресурс түрін пайдалануда жеке көрсеткіштер пайдаланылады:

- **еңбек өнімділігі** - өнім көлемінің еңбек шығынына арақатынасы.

- **өнімнің еңбек сиымдылығы** - еңбек өнімділігіне кері көрсеткіш.

- **материал қайтарымы** - өнімнің еңбек шығынына арақатынасы.

- **материал сиымдылығы** - материал қайтарымына кері көрсеткіш, бір өнімге жұмсалған материал шығынының деңгейін көрсетеді.

- **қор қайтарымы** - негізгі өндіріс қорларын пайдалану деңгейін көрсетеді және өнімді қор сомасына бөлумен анықталады.

- **өнімнің қор сиымдылығы** - қор қайтарымына кері көрсеткіш, бір өнімге жұмсалған қор шығынының деңгейін көрсетеді.

### 3. Өндіріс және ұдайы өндіріс

---

*Ұдайы өндіріс* - өндіріс үдерісінің үздіксіз жаңаруы. Өндіріс кезеңдері: өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну.

*Өндіріс* кезеңі өндіріс құралдары мен жұмыс күшінің тікелей бірігуін көрсетеді.

*Бөлу* кезеңі өндіріс факторларын өндіріс салалары мен сфералары бойынша бөлуді көздейді.

*Айырбас* - өндірушілердің өз еңбек өнімдерін айырбастауы.

*Тұтыну* - жасалған игіліктерді адам қажеттіліктерін қанағаттандыруда пайдалану дегенді білдіреді.

Ұдайы өндірістің түрлері: *қарапайым* және *ұлғаймалы*.

*Қарапайым* ұдайы өндіріс - өзгермейтін масштабта жылдан- жылға өндірістің қалпында қалуы, ал *ұлғаймалы* ұдайы өндіріс - өндірістің жыл сайын өсуі.

*Ұлғаймалы* ұдайы өндірістің *экстенсивті* және *интенсивті* типтері бар.

*Экстенсивті типі* өндірістегі еңбек және материалдық ресурстардың сандық өсуіне негізделген.


*Интенсивті тип* жетілген өндіріс факторлары есебімен іске асырылады.

Экономикалық таңдау кезінде баламалы шығындарды есептеу экономикалық талдаудың маңызды принциптерінің бірі болып есептелетіндігі бізге белгілі.



Енді баламалы (альтернативті) шығындарды график арқылы, яғни өндірістік мүмкіндіктер қисығы арқылы көрсетуге болады. Бұл қисық – екі секторлы экономикалық модель. Берілген өндірістік ресурстар қорын және белгілі деңгейдегі технологияны пайдаланып, осы ресурстан дайын өнім өндіргенде бір ғана баламалы игіліктің өндірісін кеңейтуге болады, бірақ осы уақытта басқа игіліктің өндірісі азаяды. Және де бұл кезде ресурстардың өндірістік құрылымдарының баламалы мүмкіндіктері өте көп болады.

**Өндірістік мүмкіндіктер** дегеніміз - технологиялық дамудың белгілі бір деңгейінде қолдағы бар ресурстардың барлығын аса толық және тиімді пайдалана отырып экономикалық игіліктерді өндірудегі қоғамның мүмкіндіктері. Жоғарыда атап өткеніміздей, өнімнің мүмкін шығарылымын өндірістік мүмкіндіктер қисығы сипаттайды. Мысалы, қоғамда тек қана екі игілік өндіріледі: *тұтыну заттары* және *инвестициялық тауарлар*. Оны 1.2.3 сызбадан көруге болады. Осы суретке сәйкес, А нүктесінде - ресурстардың барлығы тұтыну заттарын өндіруге жұмсалады. Е нүктесінде - ресурстардың барлығы инвестициялық тауарларды өндіруге жұмсалады. D нүктесі - тиімсіз өндірісті білдіреді. N нүктесі - мүмкін емес өндірісті сипаттайды. А, В, С, Е нүктелерінен өтетін қисықты біз **өндірістік мүмкіндіктер қисығы** - ресурстарды толық пайдалану кезіндегі альтернативтік нұсқаларды сипаттайтын қисық деп атаймыз.



3-сызба. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы